


Тексерілгенде!


**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
 Қазан айының 1-аптасы**

Топ: «Балапан»

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі :01.10 – 06.10.2023ж

«Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау.	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени-гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру «Өнегелі 15 минут»-балалардың ересектермен емін еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын өалыптастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағыз басқа әрекеттер)	Картотека №1 «Кім тез жинайды» Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады.	Картотека №2 «Бізге күз не әкелді?» Ойын шарты: суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында олар туралы балалардың білетін тақпақтарын айтқызуға болады.	Картотека №3 «Жануарларға қамқор боламыз» Ойын шарты: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді.	Картотека №4 «Құстар біздің досымыз» Ойын шарты: суреттер бойынша құстарды екі топқа топтастыру. Балалар сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады.	Картотека №5 «Нан дастарханға қалай келеді?» Ойын шарты: Жүргізушінің белгісінен кейін бостор көздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру.
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау Күй күмбірі «Адай»				

	Біртұтас тәрбие				
Таңғыас	Үнемді тұтыну- «Суды, тамақты, энергияны, үнемді тұтыну» Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке Дайындық	Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желмен бірге жайқалған.	Бойыңды сергек тік ұста Емін – еркін тыныста Деміңді ішке тез алда, Сол қолыңды соз алға. Оң қол да бос тұрмасын, Шеңбер жасап зырласын	Топ-топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн	Бір, екі, үш, Қане, қанат қағамыз. Бір, екі, үш, Қарлығаш боп ұшамыз. Бір, екі, үш, Жинап алдық күш.	Жел улейді у-у Құйын келіп билейді зу-зу Қатты, қатты жел соқты гу-гу Жапырақтар қол соқты ду-ду
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Денешынықтыру Тақырыбы: Күздің қызықтары Мақсаты: Балаларды жүруді секірумен кезектестіруге үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуге үйрету; сапта бір-бірлеп жүру; бір орында тұрып секіру дағдыларын дамыту. Жалпы дамыту жаттығулары (жапырақтармен) 1) жүруді секірумен кезектестіру; 2) басқа қап қойып, заттарды аттап өту. "Басына қап қою",	Қазақ тілі Тақырыбы: Менің мейірімді отбасым. Отбасы сүйіспеншілігі сыйластығы туралы түсінік қалыптас тыру. Отбасындағы өзара сыйластық қарым -қатынас дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: отбасы мүшелерінің алатын орнын, оларды атауды біледі. отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді. Көтеріліп шаңырақ Уықтары шанышлар	Музыка Педагог жетекшісінің жоспары бойынша Менің сүйікті бұрышым Жұмбақтар сыры. Көркем әдебиет Дид ойын: «Ұйқасын тап» Іші толған шәрбат Дәмі қандай әйбат Үзесің бірден жүзін Оның аты- ... (жүзім) Дөп-дөңгелек сары Ішінде бар дәні	Денешынықтыру Тақырыбы: Күзгі жолдар үстіндегі ойындар» Мақсаты: Балаларды кіші және үлкен қадаммен жүгіру; тақтайда көлденеңінен еңбектеуге үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өту, өту, бұрылу дағдыларын дамыту. Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен) 1) кіші және үлкен	Денешынықтыру Тақырыбы: Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру» Мақсаты: Балаларды сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға үйрету; бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; қатардан сапқа өз

<p>Білімберууіымы ныңкестесібойы ниаұйымдасты рылған іс-әрекет</p>	<p>"Құрсауға дейін жүгір" қимыл ойыны. Тыныс алу жаттықтары. Қызығушылықты ояту. Аудио дыбыс. Құрметті балалар мен Бағбан атам. Менің күзгі бағыма келіп көмек берулеріңді өтінемін. Балалар барамыз ба Бағбан атаның күзгі бағына. Онда жақсылып шынығып алайық. Денешынықтыру. Жалпы даму жаттықтары: 1) колдары белде, басын алға, артқа, оңға, солға бұру: 2) Екі қолдарын айналдыру 4-рет алға қолды түзу ұстау, 4-рет артқа 3) Оң қол жоғарда, сол қол төменде 1,2 дегенде қолдарын артқа-алға сермеу, 3-4 дегенде ауыстыру.</p>	<p>Кергелер керіліп, Өрімдей боп өрілер Бәріміз жүрсек айналып, Киіз болып көрінер Қызығушылықтарын ояту. Үнтаспадан «жарығым», «ботам», «құлыным», «күнім» деген сияқты жылы сөздер тыңдату. Ашық сұрақтар Балалар, қалай ойлайсыңдар осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады? -Ал осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз? Балаларды мадақтау. Миға шабул әдісі. Жұмбақ жасыру. -Қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер кім туралы айтылғанын табыңдар. 1. Ол өте мейірімді, ақ шашты, көзінің айналасында ұсақ әжімдері бар, сендерге</p>	<p>Қызығасың көріп Оның аты-...(өрік Бір сабақта көп түйме Жей алмайсың көк күйде Санап қара қанша Оның аты-...(шиие) Бұтақта ілініп тұрамын, Піскенде себетке құладым. (Жеміс) Дид ойын: «Бақшада ма бақтама» -Бақшада нелер өседі, бақта нелер өседі? Бізге қандай пайдасы бар? Дәрумендер береді. 3. Тосын сәт. Айгүл қуыршақ келеді. Амандасу. Балалардан көмек сұрайды. Дәрігердің жазған қағазын жоғал-тып алдым, онда пайдалы дәрумендер туралы жазған еді, енді сендерден көмек сұрап келдім. Маған пайдалы дәрумендер неде бар екенің</p>	<p>қадаммен жүгіру; 2) тақтайда көлденеңінен еңбектеу. "Көңілді еңбекте", "Басына қапшық қою" қимыл ойыны. Тыныс алу жаттықтары. Шаттық шеңбері. Көркем әдебиет Н. Жанаев. Табиғат – анамыз. Табиғат ол – анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз. Қызығушылықты ояту Саяхатты хабарлау. Қай ертегілер еліне саяхатқа баратынымызды мынау сыйқырлы қорапша арқылы білеміз. - мына қорап ашылмай жатыр! -Қораптың үстінде хатты оқу. «Осы жұмбақты</p>	<p>еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; жерде жатқан жіпті табанымен көлденеңнен басып жүру арқылы кубиктен аттап, жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүруге дағдыландыру. Жалпы дамыту жаттықтары "Күзгі жапырақтар" 1) жерде жатқан жіпті табанымен көлденеңнен басып жүру; 2) кубиктен аттап, жоғары секіру; 3) еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру. "Чемпион" қимыл ойыны. Музыка Педагог жетекшісінің жоспары бойынша</p>
--	---	--	--	---	--

<p>4) Қолдарын кеуденің алдында ұстау: 1,2 дегенде артқа сермеу, 3,4 дегенде жанға оңға сермеу, келесі 3,4 дегенде солға қарай сермеу.</p> <p>5) Әр қадам сайын алға еңкейіп жүру.</p> <p>6) Тізені жартылай бүгіп жүру:</p> <p>7) Оң аяқпен секіріп жүру</p> <p>8) Сол аяқпен секіріп жүру</p> <p>9) 2-кі аяқпен секіріп жүру</p> <p>Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы .</p> <p>1. Допты қағып алу</p> <p>2. гимнастикалық орындық үстімен жүру.</p> <p>Тамаша біз шынығып, күш жинап алдық.</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>Шымыр, сергек денеміз, Спорт сүйер өренбіз! Біз биіктен самғаймыз, Қарсыластан қалмаймыз. Кеттік саяхатқа Қоршаған орта "Ғажайып күз бағына" Саяхат.</p>	<p>жылы қолғап тоқиды, ұйықтар алдында ән немесе ертегі айтып береді. Бұл кім?</p> <p>- Оны қалай білдіңдер?</p> <p>- Ал сендердің әжселерің қандай?</p> <p>Сиқырлы микрофон.</p> <p>2. Ол көзілдірік киеді, көп кітаптар оқиды, көптеген қызықты тарихи оқиғаларды біледі. Ол әжеге көмектеседі, зейнетақы алады, немерелеріне қарайласады.</p> <p>- Кім бұл?</p> <p>- Ал сендердің аталарың қандай?</p> <p>Сиқырлы микрофон.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Иіліп оңға бір, иіліп солға бір, Жаттығу жасаймын. Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ.</p> <p>3. Оны жер бетіндегі ең бірінші, ең әдемі сөзбен атайды. Ол сен үшін ең қымбат адам. Сендер</p>	<p>айтып беріңдерші? Қоршаған орта Сұрақтар ілмегі.</p> <p>Сонымен дәрумендерді қайдан аламыз?</p> <p>- Жемістер мен көкөністерден аламыз.</p> <p>- Айгүлге көмектесу үшін не істейміз?</p> <p>- Жоғалтып алған дәрумендерінің суретін салып берейік.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Денешынықтыру. (Айгүлмен бірге сергіту жасайық)</p> <p>Алма баққа барайық, (орында тұрып жүру)</p> <p>Алма теріп алайық, (алма теру қимылын жасайды)</p> <p>Қол жетпесе алмаға (оң қолды көтеріп секіру)</p> <p>Секіріп қол созайық (Екі қолды көтеріп секіру)</p> <p>5. Жұмыс жасаудың әдісі – тәсілін</p>	<p>шешсеңдер ғана қорап ашылады», - деген.</p> <p>Миға шабуыл</p> <p>Жұмбақ жасыру.</p> <p>Әрі қызыл, әрі тәтті, Татқан жанды таңырқатты. Дұрыс айтасыңдар, бүгінгі ертегіміздің аты- «Алма» ертегісі.</p> <p>III. Ой қозғау.</p> <p>Сөйлемді дамыту.</p> <p>Дид ойын: «Кім тапқыр»</p> <p>Шарты: Ертегіде қандай кейіпкерлер барын табу.</p> <p>Мұрны бейне түйме, Үсті толған ине (Кірпі)</p> <p>Түрі көмірге ұқсайды, Қалбалақтап ұшады (Қарға)</p> <p>Қыста ұйықтайды, Жазда қыдырады. (Аю)</p> <p>Қалқиып ұзын құлағы, Елеңдеп қорқып</p>	<p>Қызығушылықты ояту.</p> <p>Телефон шырылдау.</p> <p>Аудиомен дыбыс.</p> <p>Сәлеметсіңдер ме балалар. Мен бағбан атамын. Күз мезгілі аяқталуға жақын қалды. Мен барлық жемістерімді жинап алдым, бірақ мына алма ағашым өте биік болып өскендіктен жоғарыда қалған алмаларымды жинай алмай тұрмын.</p> <p>Ой дамыту.</p> <p>Педагог :</p> <p>Ал балалар не істейміз бағбан атаға көмектесеміз бе? (экраннан алма ағашының суреті шығады)</p> <p>Аудио дауыс. Бұл алма ағашы жай ағаш емес сиқырлы ағаш, егер осындағы алуан түрлі алманы</p>
--	---	--	--	--

<p>(топ тбөлмесінің екінші жағына үш түрлі алмалар дайындап қою) - Міне "Ғажайып күз бағына" келдік. Мына алма ағашына қараңдаршы, өте көңілсіз сияқты. Неге көңілсіз тұрғанын сұрайық. -Алма ағашы сен неге көңілсізсің? Алма ағашы: - Сәлеметсіңдер ме балалар!Менің ғажайып бағыма қош келдіңдер! Менің көңілсіз тұрған себебім, менің алмаларымның барлығы да пісті. Бірақ, оны теріп алатын ешкім жоқ. Барлығы:-Алма ағашы сен көңіліңді түсірме, қазір біз саған көмектесеміз. Дид ойын: «Алма жинау» Алма ағашы: -Рахмет сендерге балалар!Мен жеңілдеп, көңіл-күйім көтеріліп қалды.Мен сендерге тапсырмалар</p>	<p>ауырсаңдар түн ұйқысын төрт бөлетін адам -Бұл жұмбақ кім туралы? Сиқырлы микрофон. -Сендер өздеріңнің аналарыңды қандай мейірімді сөзбен атайсыңдар? -Аналарың сендерді қалай еркелетеді? - Және соңғы жұмбақ.. Ол салмақты да, байсалды, барлық бос уақытын сендермен өткізеді: сендерді циркке апарды, демалыс кезінде барлық отбасын табиғатқа алып шығады. -Бұл кім? Сиқырлы микрофон. Балаларды мадақтау. Дидактикалық ойын:«Менің отбасым» Балалар доп арқылы отасындағы адамдарды айтады. Қоршаған орта</p>	<p>түсіндіру, көрсету Өз беттеріңше жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу 4. Топқа бөлу(жемістер) Қане тіке тұрайық Бау – бақшаға барайық Жеміс теріп алайық Қалтамызға салайық 1- топ. Алма Трафаретпен жұмыс. Алманы бояу. 2- топ. Құлпынай Қағаздан жырту әдісімен жапсыру. 3- топ. Алмұрт. Ермексازдан мүсіндеу. 4- топ. Шиебағын құрастыру. Сұрақ – жауап. Қандай жеміс салдың? Жемістердің түсін, пішіні қандай? Балалардың жұмысын бағалау. Салынған суретті себетке салып</p>	<p>тұрады (Қоян) Өлең жолдарын айтып тұрып ертегі еліне бару. Қоршаған орта Ал, балалар, қараңыз, Таңғажайып бар аңыз. Ертегілер еліне, Қыдырып бірге барамыз. Ну орманға енеміз, Әсем гүлдер тереміз. Көңілді боп әрқашан. Тату болып келеміз. Бөлме шетіндегі орман алаңы. Ой дамыту. Ертегі желісін айтып түсіндіру. Кейіпкерлерін рет-ретімен көрсету. Сұрақ-жауап. - Жылдың қай мезгілі еді? - Жабайы алма қайда қалды? - Алманы кім көрді? - Қоян Қарғаға не деді? - Қарға не істеді?</p>	<p>алам десеңдер менің тапсырмамады орындайсыңдар. Мен сиқыршымын. Әйпесе алма ағашын өте жоғары өсіп кете береді. Педагог Ой балалар ендеше тапсырмаларды орындап, бағбан атаға тезірек алмаларын жинап берейік Балалар: Я біз тапсырмаларды орындауға келісеміз. Ресурс арқылы топқа бөлу 1-топ қызыл алма 2-топ сары алам 3- топ жасыл алма (Тапсырмалар арқылы әр топ жауап беріп ағаштағы алманы себетке жинаймыз) 1-ші кезең. Қызыл алмаларды жинаймыз. Әр топ бір алмадан жинайды. 1-ші топқа</p>
---	---	--	---	---

<p>беремін. Егер тапсырмамды жақсы орындасаңдар сендерге өзімнің сыйымды беремін.</p> <p>Тапсырма: Еңбек туралы қандай тақпақтар білесіңдер. (алдын ала дайындалған жұмыс)</p> <p>Сөйлеуді дамыту. «Еңбек» Қырға шықсаң өрлеп, Мұның аты - Еңбек. Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты - Еңбек. Гүл отырғызсаң терлеп, Мұның аты - Еңбек. Қиындықтың бәрін, Еңбек қана жеңбек. Саяхаттан қайту. Сұрақ –жауап. Балаларды мадақтау. Шығармашылық бұрыш. Біз күзгі бақта қандай әсемістер көрдік. Сол әсемісті өзіміз топ бұрышымызға жасап қоямыз ба? Математика Алманың пішіні қандай? Қандай түсті алмалар</p>	<p>Қызығушылықтарын ояту. Балалар, бір дыбыс естілетін сияқты, тыңдайықшы. -Топқа ертегілер әлемінен Сиқыршы қонаққа келеді. Сиқыршы: Сәлеметсіңдер ме балалар, сендер ғажайыптарға сенесіңдер ме? Сендер ертегілер әлемінің ғажайып бақшасына барғыларың келе ме? Сиқырлы таяқшаны айналдырып: балаларды ертегілер әлемінің ғажайып бақшасына әкеледі. Сиқырлы сандық көрсетеді. Сиқырлы андық ішінен сиқырлы бақшаның көкөністерін көрсетеді. Ендеше бүгін біз «Көкөністер айтысы» ертегісімен танысамыз. Көркем әдебиет. (Балаларға ертегіні</p>	<p>Айгүлге беру. Қоштасу. Көркем әдебиет Өрік, шие, бәрі бар, Қауын, қарбыз көбейді. Жегің келсе бәрін ал, Неге аласың демейді. Жемісі мол теретін, Күз дос екен бізбенен. Бәрін тауып беретін, Жомарт екен күз деген.</p> <p>«Жас эколог» экологиялық жоба Танымдық экспериментальдық іс-әрекет.</p>	<p>- Кірпі нені алып кетті? - Үшеуі қайда барды? - Аю не депжауапберді? Психологиялық сәт. Тыныштық сәті: Үнтаспадан сайраған құстардың, жел тербеп сыбдырлаған ағаш жапырақтарының, сылдырап аққан судың, сусылдаған құмның, уілдеген желдің даусы естіледі. Саяхаттан қайту. Менің сүйікті бұрышым Жапсыру. Дид ойын: «Ретімен қой» Шарты: А3 форматта жасалған орман алаңына Ертегі кейіпкерін жапсыру. Тіл ұстарту жаттығуы: Ер-ер-ер Жемістерді тер</p>	<p>тапсырма. Күз мезгілін сипаттаңдар. Сұрақ жауап. -Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? -Күзде жапырақтардың түсі қандай болады? -Құстар қай жаққа ұшып кетеді? Жарайсыңдар 2-топқа тапсырма. Күз мезгіліне байланысты Математикалық есеп Педагог балалардың ойлау қабілеттері мен танымдық мүмкіндіктерін дамыту мақсатында берілген сурет бойынша санау, салыстыру ұғымдарын бекіту. 3-топқа тапсырма Дид ойын: «Жол картасын бейнеле» Шарты. Кеңістік ұғымын бекіту. 2-Кезең . Сары</p>
--	---	---	---	---

	<p>бар? Алма қайда өседі? Жоғарыда ма төменде ма? Алма ағашының жапырақтарының түсі қандай? Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Жасыл алма мүсіндеу. 2-топ: Қызыл алманы бояу 3-топ: Сары алманы жапсыру. 4-топ: А3 форматта күзгі бақ құрастыру. Жасаған алмаларды күзгі баққа орналастыру.</p> <p>Ұлттық ойын «Сақина жасыру»</p>	<p>саусақ театры арқылы мазмұнын мәнерлеп айтып беру). Ой қозғау. Сұрақ қою. -Балалар, ертегі не жайлы екен? -Ертегідегі көкөністер не үшін дауласты? -Ертегіде қандай көкөністер бар? Сахналау. Балалар бетперделерді киіп ертегіні сахналау. Балаларды мадақтау. Балабақшаға оралу. Сиқыршы: Қане, балалар көзімізді жұмайық. Қолындағы сиқырлы таяқшаны айналдырып: бір, екі, үш бізді топқа жеткізеді. балалар, топқа келген соң Сиқыршыға рахмет айтып, қоштасады. Сөйлеуді дамыту. Тосын сәт. Екі бала топқа көкөніс пен жеміс тиелген арбаны сүйреп әкеледі.</p>		<p>Сұрағанын бер. Ән-ән-ән Қамба толы дән Әжем айтқан ән. Ой қозғау. Көркем әдебиет Балаларға жұмбақ жасыру. 1. Күзде қолға доп боп оралады. (алма). 2. Түбі толған құмалақ. (картон). 3. Ұзын мұртты сарылар, қойнында наны бар. (бидай). 4. Доптар жатыр әселісі бар, қабат-қабат терісі бар. (орамжапырақ). 5. Ішіне түйме толтырып, бүйірі шықты томпып .(қарбыз). 6. Қызыл, сары кемелер, су бетінде қалқиды. (жапырақ). «Даналық ағашы» ойыны. Сұрақтарға жауап беру арқылы</p>	<p>алмаларды жинау. Әр топ бір алмадан жинайды. Қоршаған орта құстар әлемі Қызығушылықты ояту. Экранмен жұмыс. Жұмбақтың шешеуін экраннан көрсету. Балаларды екі топқа бөлу. 1-топқа тапсырма Өзі сақ, өзі ұсақ, Шықылықтап тұрмайды. Құйрығы ұзын, өзі ала, Бұл қандай құс? (Сауысқан) Ауылда, қалада мекені, Жолаушы жүрсек шығарып салады. Алдыңнан шығады Жаныңды еркелетеді. (Қарлығаш) Орманда жоғары, Ағашқа қонады. Тұмсығын балға қып Тоқ-тоқ соғады. (тоқылдақ)</p>
--	--	--	--	--	---

		<p>-Балалар не сүйреп әкелді -Көкөністердің атын атап, көрсетіңдерші. -Енді жемістерді атаңдар. - Көкөністер қайда өседі -Жемістер қайда өседі Дид ойын: «Егін жинау» Жемістерді бір бөлек себетке,көкөністердің бөлек себетке жинау керек. III.Ой қозғау. Қысқа көкөністерден не жасаймыз, жемістерден не жасаймыз? Бүгін қысқа көкөністер тұздап дайындаймыз. Топқа бөлу. Қиылған суреттер арқылы топқа бөлу. Жұмыстың орындалу техникасын көрсету. Жұмыс істеу ережесін есімізге түсірейік. Тазалық, ұқыптылық туралы айту.</p>		<p>алмаларды себетке жинау.Біздің бақшамызда балалар жиналмаған алма қалып кетіпті. Олай болса мына алмаларды себетке жинап алайық. Жақында күн суытқалы жатыр, алманы жинап алмасақ үсіп кетеді. 1. Қазір қай мезгіл? 2. Күзде құстар қайда ұшып кетеді? 3. Ауа – райында қандай өзгерістер болады? 4. Күзде жапырақтардың түсі қандай болады. 5. Бау-бақшалардан нелерді жинаймыз? 6. Егін даласынан нені орады.? Балаларды мадақтау. Ұ.О «Көкпар» ойыны Мақсаты: Балаларды ұлттық ойын</p>	<p>Дид ойын «Сөйлемді аяқта» Ойынның шарты:мен сөйлемдер айтам, сендер аяқтайсыңдар мұхият тыңдаңдар: Қарға----- қарқылдайды Сауысқан----- шақылдайды Тоқылдақ ----- тоқылдайды Бұлбұл – сайрайды Қаз – қаңқылдайды. Торғай – шиқылдайды. Көкек – көкектейді. Сергіту сәті Қарлығаш боп ұшайық, Торғай болып қонайық, Сауысқан боп секіріп, Бүркіт болып самғайық. Қане қанат жазайық Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. Балалар дала құстары мен үй</p>
--	--	--	--	---	--

		<p>Барлық топ банкіні қиып алу. 1-Топ Қызыл қызанақты қиып банкіге жапсыру 2-Топ: Қияр мүсіндеу 3-топ: Банкінің ішіне салынған бұрышты бояу. 4-топ: Күзгі бақшаны құрастыру. Қызығушылықты ояту АҚТ технологиясы. (теледидардан көрсету) Күз ханшайымы күз мезгілінде терген жемістерін алып келеді. Әңгімелеу. Жемістер денсаулыққа пайдалы. Өйткені оның құрамында дәрумендер көп. Жемістерді жеген кезде қолды жуып жеу керек. Мен сендерге жемістер туралы өлең әкелдім. «Жемістер жыры» Нарттай қызыл алмам</p>		<p>арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу. Ойын арқылы баланы батырлыққа, күштілікке, ептілікке баулу.</p>	<p>құстары араласып кетіпті. Біз құстарды топтастырып өз мекеніне орналастырайық. 2-топқа тапсырма Сөйлеуді дамыту. 1-тапсырма : Қандай құстарды білесіңдер? Күзде құстар неліктен ұшып кетеді? 2-тапсырма Құстардың қандай пайдасы бар? Жыл құстары жайлы не айта аласыңдар? 3-тапсырма : Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар? Дид ойын: «Адасқан құстар» Топтық жұмыс. Үй құстары мен мен дала құстарын өз мекеніне орналастыру. Сұрақтар ілмегі: Орман дегенде көз алдымызға не</p>
--	--	--	--	---	--

		<p>бар, Мәз болады алғандар. Жазда әдемі киінем, Тілді балдай үйірем. Көктемде ерте гүлдеймін, Кешігуді білмеймін. Піспей тұрған кезімде, «Менен аулақ жүр», - деймін Уылжыған өрікпін, Бау-бақшаға көрікпін. Қара деген атым бар, Менен де дәм татыңдар. Дәрі орнына жүруге, Кейде менің хақым бар. Балаларға қайталатып айтқызу. Мағынасын түсіндіру.</p> <p>Өрт қауіпсіздігі «Викториналық карточка» Мақсаты: Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін бекіту. Есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p>			<p>елестейді? Дала құстары қайда мекендейді? Үй құстары қайда мекендейді? 3-ші кезең. Жасыл алмаларды жинау. Әр топ бір алмадан жинайды. Шығармашылық саласымен жұмыс Қызығушылықты ояту. Құстардың аудио дыбыс Педагог: Ой балалар күн суытып барады, құстар қарнымыз ашты деп дыбыстап жатыр, қане құстарды тамақтандырайық. Балаларды топқа бөлу. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету Өз беттерінше жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу 1-то: Дәстүрден тыс сурет салу. Бала ақ қағаздың бетіне</p>
--	--	--	--	--	--

		<p><i>Жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.</i></p> <p><i>(Бағдарлама Ертегілер елінде)</i></p>			<p><i>трафаретті қою арқылы торғайды бояйды.</i></p> <p><i>2-топ: Торғайға дән мүсіндеу.</i></p> <p><i>3-топ: Ағаштарға күзгі жапырақтарды жапсыру. Балаларды мадақтау.</i></p> <p>Қортынды</p> <p>Сұрақ –жауап</p> <p>Балалар хормен.</p> <p><i>Жаңбыр жауды,</i></p> <p><i>Тық-тық-тық.</i></p> <p><i>Сен көшеге шық-шық-шық.</i></p> <p><i>Жел соғады гу-гу-гу,</i></p> <p><i>Жапырақтар ұшты ду-ду-ду</i></p> <p><i>Құйын тұрды ой-ой-ой</i></p> <p><i>Бұл күз мезгілі екенін біліп қой.</i></p> <p><i>Балаларды мадақтау.</i></p> <p><i>(Бағдарлама Қызықты математика әлемі)</i></p>
<i>Серуенге дайындық</i>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
<i>Серуен</i>	Картотека №2 <i>Күзгі жапырақтарды бақылау.</i>	Картотека №3 <i>Жәндіктерді бақылау.</i>	Картотека №4 <i>Ауа- райының салқындауын бақылау</i>	Картотека №8 <i>«Жылы жаққа қайтқан құстарды</i>	Картотека №9 <i>Аула сыпырушының еңбегін бақылау.</i>

	<i>Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін білу,бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту.Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Жаяу жүргіншілер жолы», «Бағдаршам», «Автобус аялдамасы» жол белгілерін таныстыру.</i>		<i>Ұ.О «Тақия тастамақ» бақылау» Мақсаты: Балаларды затты сезінуге үйрету. Жан-жақты дамыту, шапшандыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу.</i>		<i>Ұ.О «Теңге ілу» Мақсаты: Ұлттық ойын арқылы салт - дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу. Баланы шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</i>
<i>Серуенненоралу</i>	<i>Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</i>				
<i>Түскіас</i>	<i>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</i>				
<i>Күндізгіұйқы</i>					
<i>Біртіндеп ұйқыда нояту, сауықт ырушар алары</i>	<i>№4 Майтабанның алдын алу. Тырысамыз, тырысамыз Денсаулықты нығайтамыз Аяқ, қол мықты болып Май табаннан</i>	<i>№ 5 Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Ояту Оянайық балалар Маған тезірек</i>	<i>№ 6 Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Тыныс алу жаттығулары Ұзын құлақ сұр қоян</i>	<i>№7 Майтабанның алдын алу. Ояту Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық</i>	<i>№10 Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Мысықтар Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз</i>

	арыламыз. Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.	қарандар Шапалақ ұрайық Орнымыздан тұрайық.	Ести қалып сыбырды Өсіп тұрған сәбізді Жұлып алып иіскеді.	Терезеге қарап Күн жылуын алайық.	Жан-жағмымызға қарап Достарымызға күлеміз.
Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан					
<i>Бесінас</i>	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
<i>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</i>	Проблемалық сұрақ: Пайдалы және салауатты тағам деген не? Педагог балалармен пайдалы және пайдалы емес тағам туралы әңгіме өткізеді. Музыка тыңдау: Дауыс жаттығулары: «Жоғарыға шығамыз, төмен қарай түсеміз». Әуенді біртіндеп көтеріп, жоғары дыбысқа жеткенде дауысты қаттырақ шығарып, айқайламай, демді үнемдеп шығарып, біртіндеп төмен қарай түсеміз. Ән айту: «Жемістердің пайдасы» (муз. Ә.Қонысбеков, сөзі Ұ.Қонысбекова).	Дид ойын: «Өз үйіңді тап» Шарты: Жерде геометриялық фигуралар жатады. Олар үйшіктер, балалардың қолдарында геометриялық карточкалар болады. Музыка ойнап тұрады, балалар айналып жүреді. Музыка тоқтағанда әр кім өз үйшігіне барады. Білмеген бала ойынан шығады. Жол қауіпсіздігі «Қандай белгіні тап?» Міндеттері: Балаларға жол белгілерін ажырата білуге үйрету,	Дид ойын: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдерін жылдам табады, атайды және сипаттайды. Шарты: Балалар жыл мезгілдерінің суреттерін жапсырып, ерекшеліктерін айтады. Күтілетін нәтиже: Балалар жыл мезгілдеріне тән суреттерді тауып әңгімелеп береді.	Миға шабул Жұмбақ жасыру. Сыртындағы азығы, Ортасында бар қазығы. (Алма) т.б алмұрт, өрік, жүзім) Ой дамыту Натюрморт туралы түсінік беру. - Натюрморт дегеніміз не? - Біз қазір ненің натюрмортын көріп тұрмыз? - Осы жемістер бізге не береді? Түсі, пішіні, қайда өсетіні т.б. Сұрақ – жауап. Сөздік жұмыс. Натюрморт,	Балалар бізге бүгін қонаққа ертегі кейіпкер келді. - Ол қандай ертегіден деп ойлайсындар. - Бауырсақ (ойыншық) келіп балалардан өзі туралы сұрайды. Бауырсақ: - Мен қандай ертегіден келдім? - Ертегіде менімен не болды? - Балалар сендер дұрыс айтасындар тамаша. - Балалар бауырсақты тұлкі неге жеп қойды? - Мақтану жақсы ма, жаман ба? - Бауырсақтың шал мен кемпірден кетіп қалғаны жақсы болды ма? Неге? - Бауырсақтың аңдардан кетіп

		<p><i>балалардың жол ережелері туралы білімдерін бекіту; алған білімдерін күнделікті өмірде өз бетінше пайдалану қабілеттерін дамыту.</i></p>		<p>бақ, дән, дәрумен. 2. Жұмысқа қатысты материалдарды атау, көрсету. Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру. Қиынды суреттерді құрастыруға үйрету.</p>	<p>қалғаны несімен жақсы? -Балалар қалай ойлайсыңдар бүгін бізге буырсақ неге келді? Бауырсақ : -Балалар мені тұлкіден құтқарыңдаршы Бауырсақты тұлкіден аман алып қалу үшін не істеу екрекпіз? -Кім бауырсаққа көмектеседі? Бауырсаққа қандай заттар көмектесе алады? - Балалар бауырсақ сендерге қызық жұмбақтар дайындапты, шешіп көреміз бе? Тораулдыап ауылды, Қыс бойына жатады, Тісі десең тісі бар, Тәтті ұйқыға батады, Түнде жортар ісі бар. (аю, қасқыр) Қалқиган ұзын құлағы, Сайқымазақ қулығы бар, Елендеп қорқып</p>
--	--	---	--	---	--

					тұрады, Барған жерде ұрлығы бар. (қоян, түлкі))
Балалармен жеке жұмыс	«Қуыр-қуыр, қуырмаш» саусақ ойыны: Мақсаты: Балалардың саусақ қимылы жетіледі, үлкендерден кейін қайталап айта алады.	Мнемокасте арқылы тақпақ жаттау. «Кішкентай бала» Мен кішкентай баламын Кітап оқи аламын. Дәптер, қалам, сызғышты Сөмкеме өзім саламын.	Сюжетті – рөлді ойын. «Қонақ күтеміз» Ойын барысы. Балалар екі топқа бөлінеді. 1 топ «қонақтар», 2 топ «үй иелері»	Шығармашылық саласы Балаларға ермексаяз тарату, өз еркінмен мүсіндеу.	Құрлымдалған ойын: «Ұяшыққа орналастыр» Мақсаты: екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыра алады
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау «Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмет жасау, жаттығу жасау, киіну.				
Серуен	Картотека №2 Күзгі жапырақтарды бақылау.	Картотека №3 Жәндіктерді бақылау.	Картотека №4 Ауа-райының салқындауын бақылау	Картотека №8 «Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау»	Картотека №9 Аула сыпырушының еңбегін бақылау.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешінуі, еркін ойын, іс-әрекет				
Кешкі ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.				
Балалардың дербес әрекеті	Еңбек әрекеті Жууға болатын ойыншықтарды жуу.				

	<i>Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру</i>				
<i>Балалардың үйге қайтуы</i>	<i>Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу</i>	<i>Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балабақшаға уақытында әкеулерін ескерту. Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.</i>	<i>Ойын бұрышына жинақылық жасау. Дидактикалық ойын: «Неге керек?» Ата – анамен әңгіме. Баланы үйге шығарып салу.</i>	<i>Топ бөлмесіне жинақылық жасау. Дидактикалық ойын: «Орнын тауып бер» Мен үйге барамын.</i>	<i>Ата – анамен әңгіме. Баланы үйге шығарып салу. Демалыс күндері жайлы әңгімелеу. Тазалық туралы ескерту. Сау болыңыз.</i>
<i>«Өнегелі 15 минут»-балалардың ересектермен емін еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын өалыптастыру.</i>					

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айының 2-аптасы

Тексерілді:
Дара

Топ: «Балапан» топ.

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 09.10 – 13.10.2023ж

«Туған жердей ел болмас, туған елдей ел болмас!»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау.	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени-гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру «Өнегелі 15 минут»				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека №10 «Жол әліппесі» Мақсаты: балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру	Картотека №11 «Әдептілік» Мақсаты: Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету.	Картотека №7 «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу	Картотека №14 «Кімге не керек» Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету	Картотека № 18 «Өз мекеніне орналастыр» Мақсаты: Үй жануарларын дала жануарларыннан ажырата білуге үйрету.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан					
Таңертенгі жаттығу	Қазан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.				

Таңғыас	<p>Үнемді тұтыну- «Суды, тамақты, энергияны, үнемді тұтыну» Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайтамыз.</p>	<p>Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық</p>	<p>Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.</p>	<p>Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!</p>	<p>Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Денешынықтыру Тақырыбы: Тақтай үстімен біз қалай жүре білеміз» Мақсаты: Балаларды екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруға үйрету; жүруді секірумен кезектестіру; тақтайда көлденеңінен еңбектеу дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Қазақ тілі Тақырыбы: Көшеде өзін ұстау. Мақаты: Көшеде өзін дұрыс ұстау ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту. Қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Көліктер, бағдаршам туралы түсініктерді игереді. Сұрақтарға жауап береді. Шаттық шеңбер. Асапан ашық, көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр.</p>	<p>Музыка Педагог жетекшісінің жоспары бойынша Таңғажайып сәт: (Микроб қонаққа келеді) Микроб: Сәлемет сіздер ме, менің әлсіз де, кішкентай балаларым. Мен микроб деген патшаларың боламын. Сендер мені күттіңдер ме? Мен жеміс-жидектерді жумай жейтін</p>	<p>Денешынықтыру Тақырыбы: Баланс сақтай аламыз» Мақсаты: Балаларды сапта бір-бірлеп жүзгіруге; гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуге үйрету; кіші және үлкен қадаммен жүзгіру; екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); дағдыларын жетілдіру. Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен) Гимнастикалық</p>	<p>Денешынықтыру Тақырыбы: Допты қақпаға дәлдеп домалату» Мақсаты: Балаларды сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру; қатардан сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру;</p>

<p>Білім беру ұйымының кестесі</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (жапырақтармен) Оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыру. "Көңілді еңбекте" қимыл ойыны. "Кім шақырғанын анықта!" ойыны. "Өз тынысымызды тындайық" тыныс алу жаттығуы.</p> <p>Қызығушылықты ояту. Сөйлемді дамыту. «Сурет көрмесі» әдісі Дид : «Таныс тағамды таңда» Шарты: Суреттер бұрышынан өздеріңе таныс тағамдарды таңдайды. Ортақ сұрақ : Тағам адам үшін қаншалықты қажет деп ойлайсыңдар? Топқа бөлу.</p>	<p>Миға шабул .Жұмбақ жасыру. Сөйлеуді ол білмейді. Бірақ тоқта жүр дейді. Бұл не екен балалар? Балалардың жасауы. -Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек? -Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай? -Бағдаршамның көздеріні қызметін айтып беріңізші. Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз? Жарайсыңдар, балалар, бағдаршам туралы туралы біледі екенсіңдер, енді жол белгілері туралы әңгімелесеміз. Ой дамыту.Суретпен жұмыс. Көліктер қайда жүр? Жолда қалай жүру керек? Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызықты не дейді? - Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз? -Енді мына белгілерге қараңдаршы, мынау ненің суреті? -Егер телефонның суреті салынған белгі тұрса ол нені</p>	<p>балалардың қасында жүргенді ұнатамын. Тәрбиеші: Біз сізді шақырған жоқпыз. Біз, балалар, жемістерді жақсылап жуып, тазалап жейміз ғо иә? Балалар: Иә, апай! Микроб: Сіздер менімен қалай күресу керек екенін біледі екенсіздер. Менімен дос болмасаңыздар, мен сіздерді сиқырлап тастаймын. Балалар: Біз сіздің сиқырыңызға сиқырланбаймыз. Сізбен қалай күресу керек екенін білеміз. Жеміс-жидек пен көкөністерді жуып-тазалап</p>	<p>қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. "Өрт сөндірушілер", "Доптар жарысы" қимыл ойындары. Тыныс алу жаттығулары.</p> <p>Суреттер әлемі. Шарты: Әр түрлі иллюстрациялар қарау. Суреттердің арасынан мен хат және карта кездестірдім. Хатта Білім профессоры бізді тәжірибе жасау үшін зертханасына шақырады, ал жолда бізге қажетті жемістерді табу керек, ол үшін бізге карта көмектеседі. Дид ойын: «Жемістерді жина» Жемістерді жинап, картадағы жеміс зертханасына кеттік. Қане зертханаға жету үшін көзімізді жұмып,</p>	<p>бөрененің үстімен қолдарын жанына жіберіп, дене тепе-теңдігін сақтай жүре отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату және губка төсеніштің үстінде аунап, домалау дағдысын жетілдіру; саптан қатарға, қатардан сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Жалпы дамыту жаттығулары "Көбелектер" 1) бөрененің үстімен қолдарын жанына жіберіп; 2) допты қақпаға дәлдеп домалату; 3) губка төсеніштің үстінде аунап, домалау. "Ара доп" қимыл ойыны. "Сарбаз" пысықтау ойыны.</p>
------------------------------------	--	---	--	---	---

<p>бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.</p>	<p>«Мозайка» әдісі Нұсқау: Әр топқа сурет беріледі, балалар мозайка құрастыру арқылы топтарға бөлінеді 1-топ: «жемістер» 2-топ: «көкөністер» 3-топ: «шырындар» 4-топ: «тағамдар»</p> <p>Зерттеуді жоспарлау: Ой қозғау: қоршаған орта. 1.Пайдалы және зиянды тағамдардың айырмашылығы қандай? 2.Біз қандай тағамдарды ішуіміз керек? Балалардың өз ойы, сыни ойлау. Тосын сәт: Балалар, бүгін бізге дәрігер апай келіпті, балабақшадағы топтарды аралап денсаулығын тексеріп жүр екен. Дәрігер: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Дәрігер:</p>	<p>білдіреді? -Мынау медициналық көмек пунктiнiң белгiсi. Автобусттың суретi салынған белгiнi көрсендер, ол «автобус тоқтайтын аялдама бар» дегендi бiлдiредi екен.Балаларға жол белгiлерi, жол қиылысы, көлiк жолы, жаяу жүргiншiлер жолы туралы ақпарат беру Бағдаршам ойыны: Ойын: «Сақ бол!» Қызыл көзiн жағады. (қозғалмай тұру) Сары көзiн жағады. (қол шапалақтау) Жасыл көзiн жағады. (бiр орында тұрып жүру). Балалар ойынды қызыға ойнайды. Ой қозғау.Сұрақ- жауап алу. Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма? -Келе жатқан көлiктiң алдынан өтуге бола ма? Балалардың жауаптары. Сергiту сәтi. Мәшiне жүргiзу. Балаларды нiшiндер</p>	<p>көп жеймiз. Бiздiң денсаулығымыз күштi. Дидактикалық ойын: «Дәрумендердi ажырат» Мақсаты: Жемiстер мен көкөнiстердi ажырата бiлуге үйрету, дәрумендердiң адам ағзасына қандай пайдасы бар екендiгiн айту. Түсiнiк беру. Шарты: Балалар берiлген жемiстер мен көкөнiстердi А және С топтарына бөлiп орналастыру керек. Тәрбиешi:Балалар, бiзге хат келген сияқты. Қарап көрейiкшi. Бәрiмiз экранға назар аударайық. Балалар, бiзге балабақшамыздың дәрiгерi не айтар</p>	<p>1,2,3 деп айтамыз. – Ал қазiр бiз оларды зертханамызда тексерiп көреміз. Тәрбиешi: -Бiздiң дастарханда жемiстер бар, оларды атаңдар. (банан, алмұрт, алма, мандарин, жүзiм, лимон). - Иә, олардың барлығы әртүрлi, бiрақ бәрiбiр, кейбiр белгiлерге сәйкес, ұқсас жемiстердi табуға болады. - Эксперимент жүргiзудi бастау үшiн жемiстерге сауалнама жүргiзу керек. - Бiрдей нiшiндегi жемiстердi тауып, берiлген жерге орналастырамыз.. Нелiктен бұл жемiстер деп ойлайсыңдар? Қалай ойлайсыңдар, қандай жемiстердiң нiшiнi, көлемi, түсi ұқсас? 1. Қараңызшы, олар нiшiнi бойынша ерекшеленедi ме?</p>	<p>Тыныс алу жаттығулары. Көңiлдi шеңбер Қайырлы таң күлiмдеген жүздер! Қайырлы таң күн мен құстар! Барлығы мейiрiмдi, сенiмдi болсын. Қайырлы таң кешке дейiн созылсын! Балалар, бiр-бiрiмiзге күлейiк, Ой қозғау. Тәрбиешi: «Көңiлдi болсаң – саусың, мұңайсаң – аурусың». Нелiктен олар бұлай айтады деп ойлайсыз? (балалардың жауаптары) Бақытты және сау болу үшiн не қажет? (балалардың жауаптары). дұрыс тамақтану қажет.</p>
---	---	---	---	--	--

<p>балалар қазір күз мезгілі, тұмау жүріп жатқан кез, өздеріңді қалай сезінесіңдер?</p> <p>Дәрігер: Балалар сендердің топтарыңда ауырып қалған балалар жоқ па?</p> <p>Дәрігер: Сендердің көңіл күйлерің, денсаулықтарың да жақсы екен. Сендер таза ауада көп серуендеп, түнде жақсы ұйықтағандарың көрініп тұр. Деніміз сау болу үшін көкөністен жасалған тағамдар жеуіміз керек, жемістерден жасалған шырындар ішіуіміз керек, спортпен айналысуымыз керек, тазалық сақтау керек. Дәрігер: Сендер қандай сергіту жаттығуларын білесіңдер? Маған көрсетіңдерші?</p>	<p>арқылы екі орталыққа бөлеу</p> <p>1- орталықтағы балаларға өздеріне бұрыннан таныс бағдаршамның суретін салуды тапсыру.</p> <p>2- орталықтағы балаларға бірнеше бөлікке бөлінген сурет қиындыларынан жол белгілерін құрастыруы тапсыру.</p> <p>Балаларға тапсырманы түсіндіреді.</p> <p>Балаларды мадақтау.</p> <p>Сәлеметсіңдер ме, балалар! (Сәлеметсіз бе!)</p> <p>Бір-біріңізге тағы қалай сәлемдесуге болатынын ойлаңыз ба?</p> <p>Балалар қасында тұрған адамға қолдарын беріп, амандасады. (Қайырлы таң, қайырлы күн, сәлем, қайырлы кеш т.б.)</p> <p>-Міне, бізде достық шеңбер құрылды. Енді бір-бірлеріңізге күлкі сыйлаңыздар! Өйткені, «Көңілді болсаң – саусың, мұңайсаң – аурусың» деп бекер айтпаған.</p>	<p>екен, тыңдап көрейік.</p> <p>Ой,ой, ой мен кеттім , мен кеттім микорп қашып кетеді.</p> <p>Ой дамыту.</p> <p>АҚТ технологиясымен жұмыс.</p> <p>(Балабақшаның дәрігері көкөністер мен жемістерді қалай жеу керектігі туралы айтып береді)</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Дәрумендер – тірегің, АВС деп аласың. Жеміспесе бірі оның, Ауырып сен қаласың.</p> <p>Тәрбиеші: Балалар, дәрумендер тек қана жемістер мен көкөністерде болмайды, сонымен қатар дәрігер апайларымыз</p>	<p>(дөңгелек, сопақ);</p> <p>2. Көлемі бойынша (үлкен және кіші);</p> <p>3. Түсі бойынша (қызыл сары, жасыл);</p> <p>4. Дәміне қарай.</p> <p>Тәрбиеші:</p> <p>-Олай болса, жемістерді пішініне, көлеміне, түсіне, дәміне қарай топқа бөлуге болатынын білдік.</p> <p>Қорытынды:</p> <p>Жемістерді әртүрлі белгілерге қарай топтастыруға болады және бұл әртүрлі топтарға әкеледі.</p> <p>Тәрбиеші: Балалар, аздап демалып, дене шынықтыру жаттығуларын жасайық.</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>«Бұл алма» Мынау алма! (тұру) Бұл (қолдар екі жаққа) Тәтті шырынга толы (қолдар белбеуде) Қолыңызды созыңыз (қолыңызды алға созыңыз)</p>	<p>Ол нені білдіреді? (балалардың жауаптары). (Бұл адамға пайдалы тағам).</p> <p>Дид ойын:</p> <p>«Жеміс қайда, көкөніс қайда екенін тап»</p> <p>Мен сендерге үстелге жемістер мен көкөністердің аралас карталарын жайып беремін, ал сендер карточкаларды жемістер мен көкөністер деп екі топқа бөлулерің керек.</p> <p>Тәрбиеші:</p> <p>Енді жемістерді зертханамызда зерттеп көрейік.</p> <p>Педагог үстелге жемістерді қояды: апельсин, мандарин, лимон, банан, алма.</p> <p>Тәрбиеші: Біздің дастарханда түрлі жемістер</p>
--	---	---	---	---

<p>Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды жазайық.</p> <p>Дид ойын: «Ғажайып қалта».</p> <p>Ойынның шарты: қалта ішіндегі жемістерді аттарын, түсін айту керек.</p> <p>Көркем әдебиет. «Дұрыс тамақтана біл» кітаптағы керекті мәліметтерді көрсету, балалар өз ойын айту.</p> <p>Дид ойын: «Кім жылдам» ойыны</p> <p>Шарты: Пайдалы және зиянды тағамдарды ажыратып ыдысқа салады</p> <p>Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар» Көкөністер мен</p>	<p>Сәлемдескен кезде бір-біріне денсаулық тілейді.</p> <p>Ой дамыту. Денсаулық үшін тағы не қажет? - Спортпен шұғылданыңыз, сабырлы болыңыз, таза ауада көбірек уақыт өткізіңіз, витаминдер мен дұрыс тамақтаныңыз. - Дұрыс тамақтану – ағзаға пайдалы өнімдер. Азық-түлік слайдтары.</p> <p>Шарты: Дид «Қызыл, сары, жасыл» Мен сендерге тағам слайдтарын көрсетемін, ал сендер дұрыс түсті карточкаларды көтересіңдер. (Жасыл - жақсы, сары - жеуге болады, бірақ өте пайдалы емес, қызыл - тамақтан бас тартқан дұрыс). Әрбір өнімде сіз пайдалы және зиянды нәрсені таба аласыз.</p> <p>Дид ойын: «Түрлі-түсті себеттер» Балаларды екі командаға бөлу. Енді сіз аспаз екеніңізді елестетіңіз, кешкі ас дайындайсыз. Ол үшін</p>	<p>арнайы дәріханаларда дәрумендер жасап шығарады. — Балалар, өзіміздің жеке дәріханамызға барып арнайы киімдерімізді киіп, дәрумендерді жасап берейік. (Сары ермексаздан дөңгелек тәрізді пішіннен түрлі дәрумендер жасайды).</p> <p>Ғалымдар бұрышы. Тәжірибе №1 Жемістер - оларды қалай жеуге болады? Мақсаты: Балаларға жеміс-жидек тағамдарын дайындаудың әртүрлі тәсілдерін көрсету.</p> <p>Құрал-жабдықтар:</p>	<p>Алма жинаңыз (қолыңызды жоғары көтеріңіз) Жел бұтақты тербете бастады (қолымызбен төбесінде тербелеміз) Алма алу қиын (жоғары тартылды) Мен секіремін, қолымды созамын (секірдім) Және тез алма жинаңыз (қолыңызды басыңызға шапалақтаңыз).</p> <p>Тәрбиеші: -Ал енді, балалар, мен сендерді жемістермен тәжірибе жасауға шақырамын. Әрқайсысың өз үстеліңізге келіңіздер. мандаринмен тәжірибе жасайық. мандариндер салынған үстелдерге барайық. -мандарин дер жүзе алады деп ойлайсыңдар ма? (балалардың жорамалдары). Тексерейік? №1 тәжірибе. Түстер құпиясы. Аскөк, пияз.</p>	<p>бар. Олардың атын атап көрейік. Барлық жемістер әртүрлі. Олар қалай ерекшеленеді, қандай негіздер бойынша топтастыруға болады? 1. Қараңыздар, олар пішіні бойынша ерекшеленеді ме (дөңгелек, сопақ)? 2. Түсі бойынша (қызғылт сары, жасыл)? 3. Көлемі бойынша (үлкен және кіші)? 4. Иісі бойынша? 5. Қабықтың құрылымы бойынша (кеуекті және тегіс)? Жемістерді пішініне, көлеміне, түсіне, дәміне, иісіне, қабығының құрылысына қарай топтастыруға</p>
---	--	---	---	--

<p>Жемістер «№ 1 тәжірибе» Мақсаты: жемістер мен көкөністер тұқымдарының құрылымында ядрошық бар екенін көрсету Құрал-жабдықтар: жемістер (алхоры, алма, апельсин, алмұрт); көкөністер (қияр, баклажан, қызанақ, кәді), науалар, пластикалық пышақтар, ұлғайтқыш, балға. Жүргізілу барысы: Педагог балалармен бірге жемістерді тексереді, көкөністер атауларын нақтылайды. Ересек адам балаларды осы жемістердің (көкөністердің) тұқымдары қайда екенін табуға шақырады. Балалар жемістерді кеседі, тұқымын табады. Педагог тұқымдарды</p>	<p>дүкенге барып, себетті өнімдермен толтыру керек. Пайдалы тағамдарды жасыл себетке, ал зиянды өнімдерді қызылға салу керек. Дид ойын: «Ғажайып сөмке» Біз жемістерді үлкен табаққа саламыз: алма, алмұрт, апельсин, мандарин, лимон, банан, киви, жүзім. - Оларды бір сөзбен қалай атауға болады? (Жеміс.) Барлық жемістер әртүрлі. Олар қалай ерекшеленеді және оларды қалай жіктеуге болады? 1. Олардың пішіні бойынша (дөңгелек, сопақ) айырмашылығы бар-жоғын қарау. 2. Көлемі бойынша (үлкен, кіші). 3. Түсі бойынша (қызғылт сары, жасыл). -Жемістер бұзылып кетпес үшін қайнатады, кептіреді, мұздатады. Жемістерден қандай тағамдар жасауға болады? Олардың атын бірге</p>	<p>жемістер бейнеленген суреттер, «Бақшадағы егін жинау» сюжеттік суреті, кептірілген жемістер, консервіленген және жаңа піскен жемістер салынған табақтар, жеміс компоттары бар стақандар. Жүргізілу барысы: Педагог балалармен бірге жемістер мен сюжетті суреті бар суреттерді қарастырады. Педагог балалардан жемістер мен көкөністердің айырмашылығы неде екенін сұрайды. Ол әрі қарай қарастыруды ұсынады шикі жемістерді</p>	<p>- Аскөктің бір бұтағын алып, оны бумаға салып, қағаз бетіне тік сызық сызамыз, аскөкпен сурет салуға болады ма? - Ол жолды қандай түспен қалдырды? Ал енді картадағы нәтижені белгілеңіз, қараңыз - Аскөк сурет салады ма? - Иә - плюс қойыңыз. Қандай түс? - Жасыл - шеңберді жасыл түске боя. Енді пиязды қолданып көрейік. -Пияздың қауырсынын алып, бүктеп, тік сызық сызамыз, пиязбен сурет салуға бола ма? - Жарайсыңдар, бәрі жақсы болды Пияз сурет салады ма? - Иә - Плюс қойыңыз. Қандай түс? Жасыл</p>	<p>болатынын білдік. Ой дамыту. Сұрақ –жауап. Апельсин қайда өседі? (ағашта) Дұрыс, сонда қалай айта аласыз: апельсин жеміс пе, әлде көкөніс пе? Балалардың жауаптары. Балалармен әңгіме: Табиғатта апельсиндер - жылтыр жапырақтары бар биік мәңгі жасыл ағаштарда өседі. Олардың сфералық тәжі бар, ақ хош иісті гүлдермен гүлдейді, олардан бәріңіз жақсы көретін жемістер пайда болады. Апельсиндер - сіз жақсы көретін керемет десерт, сонымен қатар</p>
--	--	--	--	---

